

АНА ТІЛІ

Ұрпақ Тағдыры

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Дүкеннің шығармашылық дүкені



Осыдан отыз жыл бұрын «Мен қазақпын» деп, орда бұзар отыз жасында туып өскен Шығыс Түркістанынан ата жұрты Қазақстанға келген Дүкен Мәсімханұлы бұл күндері ақын, қытайтанушы ғалым, ұлағатты ұстаз, шебер аудармашы ретінде де елге танымал тұлғалардың біріне айналды.

Қазақстандағы қызметін 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультетінде жаңадан ашылып жатқан қытайтану бөлімінде студенттерге қытай тілінен сабақ беруден бастаған, Пекиндегі Ұлттар университетін бітірген жас жігіт күні бүгінге дейін төрт салада – ұстаздық, ақындық, ғылым, көркем аударма салалары бойынша, қатар еңбек етіп, айтулы жетістіктерге жетті.

Ауылында орта мектепті үздік бітірген Дүкен Пекиндегі Орталық ұлттар университетіне түседі. Еңбек жолын 1987 жылы ШҰАР Гуманитарлық ғылымдар академиясында ғылыми қызметкер болып бастаған жас маман негізгі жұмысымен қатар өлең жазып, аудармашылықпен айналысып, жемісті еңбек етеді. 1991 жылы әдебиет пен ғылыми-зерттеу саласындағы көрнекті нәтижелері үшін Бүкілқытайлық жастар сыйлығын, 1993 жылы ҚХР Жазушылар одағының «Тың талант» сыйлығын алады. Қазақстанға келген соң, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі (2000–2002жж.), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде доцент, кафедра меңгерушісі, профессор (2002–2020жж.) қызметтерін атқарды. 2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтын

басқарады.

Өз басым Дүкен бауырымды елге алғаш оралған күннен бері жақсы білемін. Ол кезде ҚазҰУ-дің Шығыстану факультеті мен филология факультеті бас ғимаратта, бір қабатта еді. «Көрші Шығыстану факультетіне қытайдан бір жас маман келіпті, өзі ақын, әдебиетші екен» деп естіп үлгергенімізше, Алматыдан жарыққа шығатын мерзімді баспасөзде Дүкеннің өлең топтамалары, мақалалары, сұхбаттары бұрқырап шығып жатты. Содан бір әредікте кафедрадағы жігіттер болып, Шығыстану факультетінің қытайтану кафедрасындағы Дүкенмен танысқанымыз да әлі әсімде.

Менің негізгі зерттеу тақырыбым – қазақ әдебиетінің сыны, сын тарихы болғандықтан, филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасында жұмыс істейтінмін. Көп өтпей Дүкен Мәсімханұлы бастаған біраз қандас бауырларымыз біздің кафедраға ізденуші болып тіркеліп, тақырыптарын бекіткізіп, ғылыми жұмыспен айланыса бастады. Сонымен бір кафедраның адамдарындай, аға-бауырдай жақын араласып кеттік. Кейін мен жұмыс бабымен Астанаға ауысып барып, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де жұмыс істеген жылдарымда да қазақ әдебиеті кафедрасы мен шығыстану кафедрасы есіктес көрші болды. Тағы бір жағынан Дүкеннің ұстазы, ғылыми жетекшісі академик Рымғали Нұрғали біздің кафедра меңгерушіміз еді. Көрші болғаннан кейін аралас-құраластықтың тіптен жиілей түсетіні белгілі ғой. Сөйлесіп, пікірлесіп, ой бөлісіп, кейде сапарлас та болып, әдебиеттану, сын саласындағы мәселелер, арғы беттегі ағайындар әдебиеті төңірегінде сырласа жүріп, аға-інілердей болып кеттік.

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында отанына оралған Дүкеннің алғашында ақындықпен аты шықты. Кейіннен қазақтың білімпаз ғалымы, академик Рымғали Нұрғалидың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық, докторлық жұмыстарын қорғап, ғылыми зерттеу, әдеби шығармашылық, көркем аударма, ұстаздық секілді салаларда жемісті еңбек етті.

Дүкен Мәсімханұлының тарихи отанына оралғандағы басты мақсаты – елге деген ыстық сағыныш, отанға деген шексіз махаббат, ұлт ісіне өзінің өлшеусіз үлесін қосу деп білемін. Елден не аламын деп емес, елге не беремін деп келген даладай жүрегі өз өлеңдерінде кең көрініс тапқан. Дүкеннің атқарған еңбектеріне алғашқы кезден-ақ оң баға берілді. Дүкен үшін аса құнды әрі қадірлі баға – ол өзінің ұстазы, әйгілі әдебиеттанушы, академик Рымғали Нұрғалиұлының берген батасы мен бағасы деп білемін. Ұстазының шәкіртіне деген ыстық ықыласы мен лебізін «Жыр-жебеге» алғысөз» атты мақаласынан байқауға болады. Дүкен Мәсімханұлының Қытайдағы қандастарымыздың поэзиясындағы ұлт-азаттық идея мәселесін қозғаған еңбегіне: «Міне, осындай игі шараға атсалысу тұрғысынан өмірге келген сүбелі еңбек – қолдарыңыздағы осы ғылыми зерттеу. Авторы – тәуелсіздіктің алғашқы

жылдары Қытайдан атамекенге оралған талантты ақын, қытайтанушы ғалым, аудармашы Дүкен Мәсімханұлы», – деп баға беріпті ұстазы. Біздің елімізде ертеден жөнді зерттелмей, орны ойсырап тұрған бір олқылық осы – қытайтану саласы. Осы ақтаңдақтың орнын іргелі зерттеулерімен, көркем аудармаларымен толықтырған да, қала берді, қазақ-қытай халықтарының тарихи, мәдени, әдеби байланыстарын ішкерілей зерттеп жүрген де – Дүкен Мәсімханұлы. Қысқасы, отандық қытайтану дейтін ғылымды тың көзқараспен, ұлттық мүддеміз тұрғысынан зерттеу, зерделеу, оқырманға жеткізу жұмыстарын Дүкен Мәсімханұлы шынайы ыждаһаттылықпен қолға алып, ауыр жүкті қайыспай арқалап келеді.

Қытай тілін жақсы білетін Д. Мәсімханұлы отанға оралған отыз жылдан бері табан аудармай еліміздің жоғары оқу орындарында шәкірт тәрбиелеумен, қытай елін, оның тарихы мен мәдениетін, әдебиетін зерттеумен, қазақ-қытай қарым-қатынасын, қытайдағы қазақ әдебиетін, қазақ-қытай мәдени-гуманитарлық байланыстарын зерттеумен айналысып келеді. 1999 жылы «Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея (XX ғасырдың 20-50 жж.)» деген тақырып бойынша профессор Р. Нұрғалидің жетекшілігімен кандидаттық, 2008 жылы «Қазақ және Қытай әдебиеттеріндегі ұлттық дәстүр мен жаңашылдық (М. Әуезов пен Лу Шүн шығармалары негізінде)» тақырыбында докторлық диссертациялар қорғаған. Осы бағытта «Мұхтар Әуезов және Лу Шүн» (Алматы, 2007), «Қазақ және қытай әдебиеттері: Ұлттық дәстүр мен жаңашылдық» (Павлодар, 2010) монографиялары, сондай-ақ «Еуразиялық өркениет: ежелгі түркі және қытай елінің рухани қарым-қатынасы» (Астана, 2012), «Қытай туралы қырық сөз» (Астана, 2014) ғылыми-зерттеу еңбектерінің жинақтары жарық көрген. 2016-жылы «Дүкен Мәсімханұлы. Таңдамалы» атауымен монография, зерттеулерден тұратын үш томдығы шықты.

«Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея (XX ғасырдың 20-50 жж.)» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін, осы зерттеу жұмысының негізінде Д.Мәсімханұлы «Жыр – жебе» атты монографиясын жарыққа шығарды. Аталған монографиясында қытайдағы қазақ әдебиетіне ұлт-азаттық идеяның қашан, қалай таралып, дамығанына ғылыми талдау жасайды; ұлт-азаттық идеясын жырлаушы ақындардың тағдыр-талайын сол кездің тарихи-әлеуметтік жағдайымен байланыстыра қарастырады; ұлт-азаттық идеясын жырлаушы ақындардың көркемдік әлемін ғылыми тұрғыда зерттеп, сол арқылы олардың тек саяси ұранның жетегіне ермей, қайта олардың әрқайсысы көркем ойдың көшелі нұсқасын жасап кеткендігін ашып береді.

XX ғасыр басында КСРО жөргегінде тұншықтырғаннан кейін алаш көсемдерінің көбі тұтқындалып, жер аударылып, тіпті әзиз бастары оққа байланды. Осындай сын сағатта алашшыл тұлғалардың біразы шетел

асқаны белгілі. Алаш азаттық идеясының өркен жайған бір өңірі қазіргі қытайдың Шыңжаң өлкесі болғанын тарихтан жақсы білеміз. Осы тарихи үдерістің қалай жүзеге асып, қандай жетістіктерге жеткенін, ақырының қалай аяқталғанын зерттеу, әрине, отандық алаштанудағы өзекті тақырып. Алаштанудағы, ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу ісіндегі осынау ақтаңдақтарға жауап іздеу мақсатында Д.Мәсімханұлы Ақыт қажы Үлімжіұлынан бастап, Әріп Тәңірбергеліұлы, Жүсіпбек қожа Шайықсіләмұлы, Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Шарғын Алғазыұлы, Асқар Татанайұлы, Бұқара Тышқанбаев, Мағаз Разданұлы, Құрманбай Толыбаев, Омарғазы Айтанұлына дейінгі Алаш азаттық идеясының жанкешті насихатшысы болған алашшыл ақындардың өмірі мен шығармашылығы, осы кезеңнің алды-артында өмір сүріп, ұлт-азаттық күрес жолында шаһид кешкен батыр, күйші Қожеке Назарұлы, Оспан батыр, Әкбар мен Сейіт, Әбеу Құдышұлы т.б. тарихи тұлғалардың өмірі мен күрес жолы Д.Мәсімханұлы зерттеуінің өзегі ретінде қарастырылып, аталған тұлғалардың шығармашылық һәм азаматтық тұғырнамасы қазақ елінде тұғыш рет азат сана, ұлттық мүдде тұрғызынан сараланып, қазақ оқырмандарына, ғылыми айналымға жол тартқан болатын. Сондай-ақ аталған еңбегінде ғалым бес жыл дербес, азат мемлекет ретінде өмір сүрген Шығыс Түркістан Республикасының құрылуы мен жойылу барысы; Сталин мен Мао-ның ШТР туралы құпия жоспарлары; Республиканың алғашқы төрағасы Әлихан Төре Сағуни, Ахметжан Қасыми, Дәлелхан Сүгірбаев, Ысқақбек Мөнинов, Абдукерим Аббасов қатарлы тұлғалардың да өмір жолы мен қызметі туралы тың деректер мен байыпты тұжырымдар ұсынды.

Дүкен 2008 жылы қазақ және қытай әдебиетін салыстырмалы әдебиеттану ғылымының теориясы мен принциптері тұрғысынан салыстыра зерттеп, докторлық диссертация қорғады, елдің іші-сыртындағы жетекші ғылыми басылымдар бетінде көптеген зерттеу еңбектері мен мақалаларын жариялады. Сонымен бірге сол тұста диссертациялық зерттеулерінің негізде «Мұхтар Әуезов және Лу Шүн» атты монографиясы жарық көрді. Аталған зерттеуге еліміздің көптеген аға буын ғалымдары өте жоғары бағасын берді.

Ұстаз ретінде Д.Мәсімханұлы әл-Фараби атындағы және Л. Н. Гумилев атындағы ұлттық университеттерінде дәріс бере жүріп, ондаған қытай тілінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын жазды. Әсіресе оның қазіргі қытай тілінің 80 мыңдай сөзі мен сөз тіркестері қамтылған, көлемі 110 баспа табақтан тұратын «Қытайша-қазақша үлкен сөздікті» құрастырып жарыққа шығаруын қазақ қытайтану ғылымындағы, қазақ лексикографиясындағы айтулы оқиға, теңдессіз жетістік болды десек, еш асырып айтқандық емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың болашақты болжай отырып, келешекте кең көлемде зерттеп, зерделейтін

шығыстанудың сүбелі саласы қытайтану екендігін айқын бағамдап, Шығыстану институтының басшылығы қызметін еліміздегі көрнекті қытайтанушы-ғалым Дүкен Мәсімханұлына жүктегенінің өзі – ғалымға берген биік бағасы, артқан сенімі деп білемін. Іргеміздегі 1,5 миллиард тұрғыны бар алып мемлекеттің әдебиеті, мәдениеті, тарихы, экономикасы, әлеуметтік әлеуеті, әскери істері және тағы басқаларын біздің елдің көзқарасы мен мүддесі тұрғысынан зерттеу қажеттігін ертеден сезе білу, көршілес елдің ішкі-сыртқы саясатының біздің елге тигізер пайдасы мен зиянын, әлемдегі геосаяси ақуалды жан-жақты, жаңаша сараптап, таптаурын болған әдістерден алыстап, тың серпінмен зерттеу қажеттігі негізгі алғышарттардың бірі. Мұның алдында Қ.К.Тоқаев Парламент Сенатының спикері кезінде Дүкен Мәсімханұлына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қабырғасында Қытайтану орталығын ашуға қолұшын бергені белгілі. Қазақстандық шығыстану ғылымына үлкен олжа, өлшеусіз үлес болып қосылған «Қытайша-қазақша үлкен сөздікті» құрастыру міндетін де сенімді түрде Дүкен Мәсімханұлына жүктеп, «сөздік» жарыққа шыққаннан кейін, тұсаукесер рәсіміне арнайы құттықтау хатын жолдап, еңбекті өте жоғары бағалап, шынайы ризалығын білдірумен ғана шектелмей, «сөздік» авторын арнайы қабылдап, лайықты құрмет көрсеткенін де білеміз. Бұның бәрі айналып келгенде Д.Мәсімханұлының пайым-парасатына, тілді білу деңгейіне, жауапкершілігіне деген мемлекет басшысының сенімі мен үміті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылында Отанына оралып, «қытайтану» ғылымымен шындап айналыса бастаған Д.Мәсімханұлының аталған саладағы елеулі еңбектерінің бір парасы – көркем аударма. Дүкен Мәсімханұлының барлық аудармаларын алып қарайтын болсақ, ол өз алдына тағы бір мақалаға жүк боларлық әңгіме. Оның аудармаларының ішіндегі шоқтығы биігі де, көлемдісі де Қытайдың классик жазушылары Лу Шүннің «Повестері мен әңгімелері» мен Мао Дуннің «Түн», Ба Цзиннің «Әулет» романдары екені ақиқат. 2012 жылы Лу Шүннен жасаған аудармасы үшін Д.Мәсімханұлына Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

Дүкен қытай тілінен прозалық шығармалармен, ғылыми еңбектермен қоса, қытай ақындарының өлеңдерін де көптеп аударып жүр. Оның тәржімалауымен жарық көрген қытай ақындарының өлеңдері қазақтың төл өлеңдеріндей қабылданады. Оның да өзіндік себебі жоқ емес. Дүкен өзі қазақ әдебиетінде ойып алар орны бар, өз қолтаңбасы қалыптасқан көрнекті ақындардың бірі екенін айттық. Оған қоса қытай тілін өте жетік меңгерген. Сол себепті түпнұсқадағы ақынның поэтикалық сарынын аудармада да сол күйінде өте шебер өреді. Мысалы, Д.Мәсімханұлы қазақшалаған Қытайдың ұлы ақыны Ли Байдың, осы заманғы қытайдың көрнекті ақын қызы Чжао Лихуаның, Тайван ақыны Юй Гуаньчжүңның және басқада ақындардың өлеңдерін оқысаңыз,

олардың қытайдың ақыны деген ой санаңыздан шығып кетері хақ. Қысқасы Дүкен Қытайдың тарихтан белгілі әйгілі ойшылдары мен ақын-жазушыларынан Куң Фудзы, Ли Бай, Лу Шүн, Ба Жинь, Лау Шэ, Ай Чиң, Юй Гуаңжуң, Уаң Мың, Мо Янь, Те Ниң, Чжаң Чыңжи, Гу Чың, Чэн Дундун, Чжао Лихуа, Диң Даң т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударып мерзімді басылымдарда жариялап, қазақ оқырмандарына үзбей ұсынып келеді. Мұның өзі де отандық қытайтануды жандандыруға, қытай жұртын танып-білуімізге салынған төте соқпақ екені даусыз.

Жалпы Д.Мәсімханұлына табиғаттан дарыған ең әдепкі қасиет, ол – ақындық. Жүре келе ғылымға бет бұрғанымен де өлеңін тас-тамай, шығармашылығының қос қанатындай қатар алып келе жатыр. Оның қаламынан шыққан отыздан астам кітаптың ішіндегі «Жүрекке саяхат» (1991, ҚХР), «Семсер суы» (1998, Алматы), «Көкпар» (2003, Алматы), «Алтынның буы» (2007, Алматы), «Алкүрең арман» (2008, Алматы), «Өз аспаным өзімде» (Астана, 2014), «Сап, сап көңілім» (2020, Алматы) секілді жыр жинақтары кезінде оқырман қауымнан өзіне лайықты бағасын алған.

Ата-тегі сөз өнерімен туыстас, шешендігімен ерекшеленсе, анасы Дәмеш Тұрлыбайқызы жас күнінде айтыскер ақын болыпты. Содан да болар, Дүкен де өлең жазуды ерте бастапты. Демек, Дүкеннің арқалы ақын болуы ата-тегі мен ана сүтінен келгені анық.

Д.Мәсімханұлы азамат ретінде еліміздің әдеби-мәдени, әлеуметтік-қоғамдық өміріне белсене қатысып, өзінің азаматтық пікірлерін белсенді түрде білдіріп келеді. Оның «Сарап» (Астана, 2001), «Азаттығым мен қазақтығым» (Астана, 2014), «Ұлт пен рух» (Алматы, 2022) әдеби-сын, ғылыми-зерттеу, көсемсөз жинақтары осы сөзіміздің жарқын дәлелі.

Дүкеннің әдеби, ғылыми шығармашылық еңбектері елімізде де жоғары бағаланып, түрлі сыйлықтар мен марапаттарға ие болды. Қазақстан Жазушылар одағының «Алаш» әдеби сыйлығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымының «Жібек жолы: гуманитарлық ынтымақтастық» сыйлығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, «Парасат» ордені секілді марапаттарға ие болды.

Көптеген республикалық, халықаралық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Шығармалары ағылшын, жапон, түрік, орыс, қытай, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Иә, аңсаған арманына жеткен, еңбегі жанған адам – бақытты.

**Дандай Ысқақұлы,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, филология
ғылымының докторы**